

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

15 ақпан
2019 жыл
ЖҰМА

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

№ 6 (4413)



ЖАҢА ҚҰРЫЛҒЫ
ОЙЛАП ТАБЫЛДЫ

2



ГЕРОИ РЯДОМ С НАМИ

4



Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

ПРОИЗВОДСТВО

УСПЕШНЫЙ ЯНВАРЬ

В январе 2019 года Атырауский НПЗ переработал 469 916 тонн сырой нефти, что составило 101,7% к плану. Для сравнения: в январе 2018 года завод переработал 440 803 тонны, то есть почти на 30 тысяч тонн меньше.

При этом было произведено социально-значимых видов нефтепродуктов: автобензинов 125 936 тонн (100% к плану), дизельного топлива 130 418 тонн (107% к плану), авиакеросина марки РТ 11 673 тонны (110% к плану), сжиженного нефтяного газа 16 840 тонн (108% к плану).

Отгрузка данных нефтепродуктов производилась согласно утвержденной МЭ РК производственной программе на 2019 год. Таких показателей заводу удалось достичь, благодаря построенному в рамках модернизации завода Комплексу глубокой переработки нефти (КГПН), состоящему из 12 технологических установок. КГПН позволил увеличить производство автобензинов более чем в два раза. Главная установка комплекса – каталитический крекинг R2R – построена по технологии компании Axens. В мире всего две таких установки – одна из них на Московском НПЗ, другая в КНР. Особенностью R2R является наличие двух регенераторов, которые позволяют перерабатывать более тяжелые нефтяные остатки с получением ценных высококачественных продуктов, таких как сжиженный газ, бензин и легкий газойль.

ИТОГИ

НЕФТЕПРОДУКТЫ ПОЙДУТ НА ЭКСПОРТ

В секторе переработки нефти в 2018 году полностью завершены проекты модернизации нефтеперерабатывающих заводов. Увеличены мощность и глубина переработки, качество нефтепродуктов соответствует европейским стандартам К4, К5. Объем переработки нефти вырос на 8,6% по сравнению с 2017 годом и составил 16,4 млн тонн. В текущем году планируется переработать 17,2 млн тонн, что на 5% больше 2018 года, заявил министр энергетики Канат Бозумбаев на расширенной коллегии своего ведомства.

Объем производства основных видов нефтепродуктов (авиакеросин, дизельное топливо, бензин, мазут) в 2018 году вырос на 9,4% к 2017 году. План текущего года 12,2 млн. тонн, с ростом от уровня 2018 года на 5%.

По итогам года обеспеченность рынка отечественными нефтепродуктами достигла по бензину – 93,2%, по дизтопливу – 91,1%, по авиакеросину – 62%.

В текущем году обеспеченность рынка в отечественном бензине, дизельном топливе (за исключением

зимней марки минус 15-25С) и авиакеросине составит 100%. По словам К. Бозумбаева, в текущем полугодии планируется начать экспорт наших нефтепродуктов, в основном, в страны Центральной Азии. Законодательная база находится на стадии завершения.

Также было отмечено, что с начала 2018 года наблюдается снижение розничных цен на бензин марки АИ-92 на 4%. Уже на февраль текущего года минимальные цены по АИ-92 составили 139 тенге в г. Алматы.

Вместе с тем, в 2018 году на-

блюдался рост цен на дизельное топливо на АЗС. Основные причины – это повышение сезонного потребления дизельного топлива в весенне-осенний периоды у СХТП, сезонный рост транзитных перевозок, а также сохранявшаяся небольшая импортозависимость. В целях исключения фактов образования дефицита дизельного топлива, Министерством разработан и находится на стадии согласования приказ, предусматривающий временный запрет на вывоз дизельного топлива за пределы Республики Казахстан, сказал министр. Он поручил Казмунайгазу ужесточить контроль за эксплуатацией оборудования нефтеперерабатывающих заводов, чтобы исключить аварийные остановки, приводящие к дефициту на рынке нефтепродуктов.

В нефтегазохимической отрасли ежегодно растет производство битума. Полностью обеспечивается

потребность автодорожной отрасли. В 2018 году было произведено 830 тыс. тонн битума, что на 14% выше уровня 2017 года. Экспорт битума налажен в Узбекистан, Таджикистан и Туркменистан.

На Атырауском НПЗ был начат выпуск бензола и параксилола, ориентированных на экспорт. В прошлом году было произведено 14 тыс. тонн, а в 2019 году планируется 300-400 тыс. тонн.

В июне прошлого года в Атырауской области начато строительство крупного проекта по производству полипропилена мощностью 500 тыс. тонн в год, стоимостью \$2,6 млрд. Всего на этапе строительства сегодня задействовано 935 рабочих мест, в период активного строительства будет создано до 3 000 рабочих мест. Запуск ожидаем в 2021 году, отметил глава профильного министерства.

**По материалам пресс-службы
Министерства энергетики РК**

ТЫҢ ИДЕЯ

ЖАҢА ҚҰРЫЛҒЫ ОЙЛАП ТАБЫЛДЫ

Атырау облысы «Өрт сөндіруші» АҚ филиалының «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС объектілерін қорғау бойынша ӨС және АҚЖҚБ-16 қызметкерлерінің ұтымды ұсынысының арқасында, УКТП «Пурга-80» көбік көтергіш ПП-50 жалғау құрылғысын жаңғырту мақсатында, қолданыстағы техникалық шешім жетілдірілді, пайдаланылған жабдықтар жаңартылды, бұл еңбек өнімділігін арттыруға және тапсырманы орындау мерзімін қысқартуға алып келді.



Осындай ұтымды ұсыныстың жасақталып, іске асырылуына, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС қорғау объектісінде 2018 жылдың қыркүйек айында өткізілген өрт-тактикалық оқу-жаттығуы себеп болған болатын.

Оқу жаттығудың жоспары бойынша ПП-50 көбік көтергішінің көмегімен өрт шыққан орынды көбікпен өшіру ойға алынған болатын. Көбік көтергішті жұмысқа дайындау кезінде, УКТП «Пурга-80» құрылғысын көбік көтергіштің атқышын топсалы ілгектерге ілуі кезінде жалғауға, көбік көтеру білегін құрылғыны бекітіп қою үшін шүмектердің сырығып кетуіне жол бермеу үшін кезекші қарауылдың 6 қызметкерін көмекке тартуға тура келген. Соның өзінде аталмыш рәсімді аяқтау үшін 4 минут уақыт жұмсалды (1 сурет).

Оқу – жаттығуды талдау кезінде бөлім басшысы Қанат Қырықбаев аға жүргізуші механик Рүстем Айтимовқа қысқа уақыт аралығында құрылғыны оңай әрі тез көбіккөтергішке жалғау үшін мүмкін нұсқаны нұсқаушы Сәрсенғали Ескалиев пен жүргізуші Бақыт Есмурзиевті

қатыстыра отырып, шешімін табуды тапсырған.

Түрлі монтаждық опцияларды қарап шыққаннан кейін фланецті қосылымдардағы бағыттағыш саңылаулар арқылы тегістеуді жоятын жылдам алынатын бұрандалы фланецті орнату параметрі таңдалады. Яғни құрылғыны жалғаудың толықтай жаңа түрі жасақталды.


Бұл нұсқада құрылғыны «американдық» деп аталатын екі білікті арматуралар мен гайкалардан тұратын аралас байланыстырушы құрылғының негізі ретінде қабылданды.



Қақпақтың бұрылуын жеңілдету үшін симметриялық металл тұтқалар құрылғының сыртына дәнекерленген.

Жылдам алынатын бұрандалы фланецтерді монтаждау «Атырау МӨЗ» ЖШС қызметкерлері жөндеу цехында ұсынылған сызбаларға сәйкес жасалған.

Кейін, аталмыш құрастырылым оңай және тез байланысын анықтау мақсатында сыналып, сонымен қатар байланыстың мықтылығы мен тығыздығы тексерілді. Осы орайда УКТП «Пурга-80» көбік көтергішке қондыру үшін кезекші қарауылдың 4 қызметкері мен бар болғаны 45 секунд уақытты құрады (2 сурет).



Тексеріс кезінде инженерлік білімі жоқ, тек қана көп жылдық еңбек өтілі мен кәсіби шеберліктері ғана бар өрт сөндіруші-құтқарушылардың ойлап тапқан құрылғысының тиімділігі мен қолайлылығы дәлелденді.

Жоғарыда айтып өткендей Рүстем Айтимовтың тың идеясының және де ұжымдастарымен бірлесе атқарған қажырлы еңбегінің арқасында құтқарушылардың жұмысы жеңілденіп, қызмет барысында

едәуір көмек болар, уақытты үнемдеп, нәтижені тез шығаруға мүмкіндік алынған.

Рүстем Айтимов политехникалық институтта автокөлік шаруашылығы мамандығы бойынша жоғары білім алған. Оқуын аяқтай салысымен 1999 жылдан 2007 жылға дейін «Эмбанефть» мекемесінде жүргізуші болып қызмет жасаған. 2007 жылдың қаңтар айында зауытқа бұрынғы №3 цехқа жұмысқа тұрып, машинист лауазымында еңбек өтілін жалғастырған. Кейін 2008 жылы өрт сөндірушілер бөліміне механик болып ауысады. Сол жылдардан бері талай еңбектерімен көзге түсіп, түрлі мадақтамаға ие болған.

«Тапсырма берілгендіктен тез арада мәселені шешуге кірісіп кеттім. Жан-жақтан ақпарат жинап, жылдар бойғы тәжірибемді іске қосып, осындай құрылғы ойлап тауып, Бақыт Есмурзиев деген жүргізушіге схемасын сызуды тапсырдық. Дайын болған сызбаны басшымызға көрсетіп, қолдау таптық. Кейін Сәрсенғали Ескалиев деген нұсқаушының көмегімен жасап шығару жұмыстарымен айналыстық. Жалпы алғанда барлығына бір жұмадай уақыт жұмсалды», - дейді Рүстем Айтимов.

Қазіргі таңда бұл маман техникаға жауапты. Осы жауапкершілігінің арқасында көптеген шаруалар атқарылып келеді. Дәл осындай қажырлы еңбегі еленіп, әкімнің, сол кездегі зауыттың Бас директорының алғыс хаттарымен марапатталған.

Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ
Ролан ТАУМАНОВ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНА - 20 ЖЫЛ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ КЕЗЕҢІ

Еліміздің басты партиялық-саяси күші ретінде «Нұр Отан» партиясы ел жағдайын тұрақтандыруға, Қазақстанды дамыту мен халықтың әл-ауқатын жақсарту жолындағы міндеттерді орындауға зор үлес қосып, елдің береке-бірлігінің артуына және саяси тұрақтылығын нығайтып, экономикалық еформалардың табысты іске асуына атсалысып келе жатқан бірден – бір саяси ұйым.

Биыл құрылғанына 20 жыл толатын «Нұр Отан» партиясы осы уақыт ішінде шынығып, шыңдалып, халықпен тікелей жұмыс істеп, кезек күттірмей шешілуге тиіс мәселелерді үнемі назарда ұстап отыр.

Әрине, жаңғыру ешқашан оңай жүзеге аспайды, ол үшін еліміздің саяси жүйесін демократияландыру мақсатында жасалған маңызды қадамдарды терең сезініп, «Нұр Отан» партиясының қазіргі идеологиялық жұмысының платформасы деп Елбасы атап көрсеткен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, сондай-ақ, Конституциялық реформаны, Қазақстанның үшінші жаңғыруын, төртінші өндірістік революцияға аттаған қадамымызды өз ортамызда, жұртшылық арасында анық түсінікпен жеткізуге атсалысу маңызды.

2018 жылдың қаңтар айында Мемлекет басшысы елдің технологиялық және инфрақұрылымдық дамуының жаңа кезеңіне серпін берді. Цифрландыру есебінен бәсекеге қабілеттілік пен еңбек өнімділігін арттыру жүріп жатыр.

Атырау МӨЗ цифрландыру шеңберінде технологиялық кешендер мен үдерістердің басқарудың микропроцессорлық цифрлық жүйелерін енгізуді атап өтуге болады.

Бұл:

- адам факторының өсерін азайту арқылы технологиялық үдерістерді жедел және тиімді қашықтықтан басқаруға.

- нақты уақытта өзгеретін жағдайларға тез жауап беруге;

- технологиялық режимді қауіпсіз жүргізу үшін түзету іс-қимылдарын енгізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл еңбек жағдайын жақсартып және жұмыс персоналына физикалық жүктемені төмендетеді.

Өлемдік тарих модернизация тек өз ұлттық кодын сақтай отырып ғана табысты болуы мүмкін екенін дәлелдеді. Біздің қоғамымыздың дамуы үшін ел Президентінің «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында көрсетілген қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі бағдарламасы зор рөлге ие.

Мемлекет Басшысы 2018 жылы ұсынған бес әлеуметтік бастама, сондай-ақ «қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы: табыс пен өмір сүру сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы ел азаматтарының өмір сүру сапасының жаңа стандартына қол жеткізуге бағытталған. Партия Елбасы айқындаған жаңғырту құндылықтарын қоғамда белсенді ілгерілетуге ниетті. Егер біз неғұрлым дамыған елдермен бірдей тұрғымыз келсе, психологиямыз бен ұлттың әдеттерімізге өзгерістер қажет. Осы мақсатта партия жұмысы Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге, партияның жаңа жобаларын жүзеге



асыруға, қазақстандықтардың біліктілігін, сауаттылығын және мәдени ашықтығын арттыруға бағытталған.

Бүгінде «АМӨЗ» ЖШС-нің бастапқы партия ұйымы қатарынан қызметкерлері бірқатар жұмыстарға белсенді қатысып, облыс пен қаланың саяси қызметіне үлес қосып келеді.

«Нұр Отан» партиясы Елбасы бастамаларының табысты жүзеге асырылуын басты бағдарда ұстап отыр. Партияның кадрлық резерві жақсартылып, халықаралық байланысы нығая түсті, қоғамдық қабылдау жұмысы жаңа форматқа көшіріліп, түрлі жобалар арқылы партия тарапынан жастарға тұрақты қолдау көрсету қолға алынуда. Партияның жастарға тұрақты қолдау көрсетуге бағытталған бастамалары, еліміздің шығармашылық жастарын қолдау, оның жобаларын іске асыруға көмек көрсету айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Атырау МӨЗ-нда белсенді жастар, «Жас Отан» жастар қанатының және Жастар ісі жөніндегі кеңестің мүшелері жұмыс істейді және жастардың кәсіби өлеуетін белсенді пайдалану және дамыту мақсатында 5 бағыт бойынша жүйелі жастар саясаты жүргізілуде:

- кәсіби даму;
- инновациялық-өнертапқыштық бастамаларды қолдау және дамыту;
- мәдени-спорттық даму;
- спортты және салауатты өмір салтын насихаттау;
- әлеуметтік қолдау.

Жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге, кәсібиліктің өсуіне, дағдылар мен шеберлікті көрсетуге үлкен мән бере отырып, кәсіпорында жыл сайын «Үздік маман» байқауы өткізіледі, «Кадр резерві» және «Жас маман» бағдарламалары әзірленіп, жұмыс істеуде.

2016 жылдан бастап «Өнертапқыштар клубы» өз жұмысын бастады, оның құрамына «Мамандық бойынша үздік» сайысының жас қатысушылары мен ИТҚ қатарынан жаңашылдар кірді.

Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында зауытта спорттың әр түрі бойынша бірнеше рет жарыстар өткізіледі. Зауытта футбол, волейбол, баскетбол бойынша құрама командалар бар. «Жас Отан» ЖҚ белсенділері «Атырау Marathon» жаппай жүгірісіне қатысып, жүлделі орындарға

ие болды.

Жас қызметкерлерді қолдау мақсатында зауытта келесі әлеуметтік төлем түрлері қарастырылған:

- бастапқы неке қиылуына байланысты материалдық көмек.

- баланың дүниеге келуіне материалдық көмек.

Бүгінде «Жас Отан» Жастар қанатымен бірге жастарға арналған «Сәтті қадам», «Нұр арман» жобалары сәтті жұмыс істеуде. Жастарға арналған аталған жобалардан бөлек, «Кедергісіз келешек», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» сияқты әлеуметтік бағыттағы партиялық жобалар жемісті жүзеге асырылуда.

Елімізде жастарға жасалған жағдай жыл сайын артып келеді. «Біздің басты құндылығымыз – ол Тәуелсіздігіміз» деген партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі жастардың санасында әрқашан жаңғырып тұрары сөзсіз.

Себебі, ертеңгі баянды болашақтың бағдарын жалғайтын бүгінгі жастар. Елбасымыздың бастамасымен биылғы жылдың «Жастар жылы» атануы және «Тәуелсіздік ұрпақтары» атанған.

Өз мүддесін халықпен санастыра білген еліміздің әрбір тарихи қадамдары биік белестерге жетелейді. Дамудың серпінді жолын таңдаған мемлекетіміздің жаңаша сипатын қалыптастыруға біз, партияластар, еліміздің перзенттері - әрқайсымыз, мүдделіміз.

Атқарылатын іс пен ұйымдастырылатын шаралар қарапайым еңбек адамы үшін, еліміздің болашағы бүгінгі жас өрендер мен замануи технологияны меңгеріп, білім мен тәрбие алған жастар үшін жасалып жатырғанын халыққа түсіндіріп, «Бірлікті елдің ғана іргесі берік» болады деген қағиданы өзіміз түсініп, өзгеге түсіндіруіміз керек.

Бақыт ӨТЕБАЛЫ,
«АМӨЗ» ЖШС бастауыш партия ұйымының төрайымы

ДОСТОЙНЫЕ ЛИЦА

ГЕРОИ РЯДОМ С НАМИ

Победивший смерть



В армию М.Мендигалиев был призван в 1985 году. Он попал в мотострелковую пехоту. Три месяца ожесточенной военной подготовки в местности Курган-Тобе Таджикистана. А однажды утром им дали новое обмундирование и объявили, что они поедут в Афганистан. Вечером 4 взвода солдат повезли на железнодорожный вокзал - оттуда до пересыльного пункта в Узбекистане, где им сделали прививки, и после ночевки, где то больше километра они совершили бросок до афганской границы. После регистрации документов на таможне, в Хайратоне их ждали два вертолета до Таш-Кургана. Там их распределили по частям, потом были города Мазари-Шариф, Шейберган и конечная точка дислокации - провинция Балх.



- Меня определили в 3-й взвод первого батальона. Наша задача была охранять газоперерабатывающий завод. Через неделю после начала службы нас обстреляли моджахеда. Это был наш первый бой с врагом, конечно, было страшно. А потом... Потом ты привыкаешь ко всему этому. Главное, нужно было быть бдительным всегда, порой, промедление на секунду могло решить все, ведь смерть поджидала нас на каждом шагу, за каждым бугорком, - вспоминает Марат. - Мы ходили в разведку, сопровождали колонны с провизией и боеприпасами, которые шли из Таш-Кургана, их бомбили душ-

...Афганистан. Провинция Балх. Горная местность. Знойное лето. Тишина в воздухе, иногда прерываемая звуками летающих насекомых, кажется бесконечной. Вдруг взрывы гранат, свист пуль, пулеметные очереди, кажется, что земля начинает вращаться.... Эта картина всегда в памяти Марата Мендигалиева. Он видит ее во сне, также как и своих друзей, живых и мертвых, с кем довелось служить в составе ограниченного контингента советских войск в Афганистане.

маны, часто завязывался бой, и, порой, мы оставались без еды. Еще в те годы, в Афганистане работало много советских специалистов, особенно в нефтяной отрасли, их мы тоже сопровождали.

Однажды, вспоминает ветеран афганской войны, в ходе разведки их группа обнаружила вражескую колонну. Был получен приказ о ее захвате. После небольшой перестрелки колонна была остановлена, большинство сопровождавших ее бойцов ликвидированы, кроме одного, пожилого моджахеда, который был взят в плен. Как оказалось, в машинах были медикаменты. И был еще такой случай, когда Марат спас от смерти своих сослуживцев, застрявших в БТР, но в подробности вдаваться он не захотел.

- Сегодня много разговоров о том, что эта была никому не нужная война. Возможно, но для нас тогда был приказ, который мы исполняли. Для меня, впрочем, как и для других, служба в Афганистане стала школой мужества. И об этом я говорю без всякого пафоса. Мы смотрели смерти в лицо, иногда доходили до грани отчаяния, когда видели, как гибли товарищи. Со мной из Доссора призывались Жаксыбай Казангапов и Аманжол Есенманов. Жаксыбай был пулеметчиком, он погиб, вызвав огонь на себя. Посмертно был награжден орденом Красной звезды. Аманжол вернулся домой живым, но контуженым, - говорит Марат Мендигалиев. - Мы уезжали в армию мальчишками, юными, беззаботными, а возвращались оттуда зрелыми мужчинами. Я пробыл в Афгане ровно два года. А какие были у нас чувства, когда возвращаясь оттуда, пересекли границу, это сложно передать словами...

За личное мужество и отвагу М.Мендигалиев был награжден медалями «Воину-интернационалисту от благодарного афганского народа», «70 лет Вооруженных сил СССР» и грамотой Президиума Верховного Совета СССР.

После демобилизации Марат работал в Южно-Эмбинской геологоразведочной экспедиции, Атырауском управлении буровых работ, с 2016 года он трудится машинистом технологических насосов ПТИН.

Говорят, что годы лечат. Но даже после 30 лет окончания афганской войны, ноющая боль в сердцах тех, кто там побывал, не проходит. Она будет всегда...

Случай на переправе

Это произошло в октябре 2012 года. Тогда Тлекжан Набидоллаев учился в 11 классе. В тот день в селе Шортанбай Курмангазинского района шли соревнования по футболу среди девочек. Тлекжан, который по идее должен был пойти в школу, почему то вместе с тренерами тоже пошел на турнир.



- Мы болели за наших девчонок, которые выступали в команде. В ходе игры одна из моих одноклассниц Гульбагира Ермуханова получила травму ноги. Соревнование завершилось, и мы все вместе, с тренерами и учителями пошли к паромной переправе, чтобы вернуться домой, в село Коптогай, расположенное на другом берегу реки. С нами была и Гульбагира, которая шла прихрамывая, после полученной травмы. Видимо она и помешала ей быстро пройти на переправу, в общем, паром отчалил от берега, и в этот момент, не сумевшая удержать равновесие Гульбагира очутилась в воде, - вспоминает Тлекжан. - Даже не думая не о чем, в куртке я прыгнул в воду. Когда подплыл к однокласснице, оказа-

лось, что она уже нахлебалась воды и потеряла сознание. Я начал тянуть ее за волосы и поплыл к берегу, там уже подошли люди и нас вытащили на берег. Вспомнил, как в кино людям делают искусственное дыхание, начал приводить Гульбагиру в чувство. Через некоторое время она очнулась. Потом повезли ее в медпункт, но он оказался закрытым, и я повез девушку домой. Мама вначале испугалась, думала, что со мной что-то случилось, но после объяснений, она сразу дала Гульбагире теплую одежду, напоила чаем.

Через несколько дней 16-летнего Тлекжана пригласили в районный акимат, где ему вручили памятный подарок - часы и диплом, а позже он был удостоен медали «За спасение утопающих». Про Тлекжана написали в газетах, он стал гордостью односельчан и сверстников. А сегодня этот герой работает на нашем заводе - машинистом БОВ Производства глубокой переработки нефти. О подвиге Тлекжана нам рассказали его коллеги. Тоже гордятся, что такой отважный паренек трудится рядом с ними.

Сам Тлекжан считает, что на его месте так поступил бы каждый. - Об этом я никому никогда не рассказывал, не считаю, что совершил что-то героическое, - смущаясь, говорит он.

По специальности наш герой - инженер-технолог машинного оборудования. После окончания Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, Тлекжан работал на Тенгизском месторождении и на Карабатане, на нашем заводе - с 2017 года. Наставником молодого специалиста является начальник БОВ Ербол Каукар. Тлекжан очень рад, что трудится по специальности, и охотно осваивает профессию машиниста. В свободное от работы время играет в футбол, был когда-то членом сельской команды и защищал ее честь на турнирах, проводившихся в граничащем с Коптогаем российском селе Байбек. А еще любит петь и играет на гитаре.

Ну, а что же Гульбагира? Для нее 20 октября стал вторым днем рождения, и каждый год девушка звонит своему спасателю, чтобы еще раз сказать ему искреннее «спасибо».

Страницу подготовила
Индера САТЫЛГАНОВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

ЕҢБЕК АДАМЫ

Айбар ӨМІРЗАҚ: «МАҚСАТЫМ - БИІКТЕРДЕН КӨРІНУ»

«Әкеге қарап ұл өсер» демекші, атасы мен әкесінің тәрбиесін көріп өскен Айбар Өмірзақ бүгінде көптеген жетістіктердің иесі. 2013 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытына ароматикалық көмірсутектер өндірісіне оператор болып қызметке орналасты. Зауыт қызметкері болуы да тегіннен тегін емес еді. Себебі, нағашы атасы Зекеш Джетмеков зауыттың алғаш негізі қаланған уақытта зауыттың құрылысы басталатын жердің алғаш қазығын қаққан.

Кішкентайынан зауыттың оқиғалары мен өміріне қанып өскен бала Айбар есейе келе атасының жолын қуып, мұнай саласында қызмет етемін деп шешкен. «Атам алғаш зауыттың қазығын қаққан жандардың бірі. Мен соны мақтан тұтамын. Атамның әңгімесін тыңдап өстім. Керек-жарақтарын түйенің көмегімен тасығандарын айтатын. Сол кездердегі қиыншылықтармен бетпе бет кездескендей күй кешетінмін. Маған құдды ертегідей естілетін. Атам 50 жыл зауытта еңбек еткен. Соғыс жылдары болғандықтан, қандай қиыншылықпен, еңбекпен жеткен жетістік екенін сезініп өскендіктен, менде қызметіме жауапкершілікпен қарап, барлығына дұрыс көзқараспен қарауға тырысамын», - дейді Айбар.

Сонымен қатар Айбар Өмірзақтың осы жетістікке жетуіне әкесі Темірбулат Умирзақтың да рөлі ерекше екенін айтады. Барлығын үйретіп, көрсетіп, жол сілтеген. Қазіргі таңда бір қондырғыда қызмет етеді. Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру қондырғысының алға қарай жылжып, дамуына үлестерін қосып келеді.

Алғаш қызметке тұрған жылдарында Қытай халық республикасына біліктілігін арттыру үшін оқуға жіберіледі. Ол кезде технологиялық азот өндіру қондырғысы салынбаған болатын. Ал шет елде осы қондырғыға ұқсас қондырғыда біліктілігін арттырып, бар үйренгені



мен білгенін өз елінде қолданып, қондырғы тұрғызылады. Қазіргі таңда қондырғыны өзім-ақ іске қосып, өшіре аламын дейді үздік маман. Былайша айтқанда аталмыш қондырғының жілігін шағып, майын ішетін маманға айналған.

Айбар 2017 жылы «Үздік маман» байқауына қатысып, екінші орынға ие болады. «Екінші орын алғаным қынжылғаным да рас. Бірақ мен үшін ол тек алға қарай жылжуға себеп болды. Сүрінген жерімді түзеп, білімімді шыңдап, үйренуге деген құлшынысым арта түсті. Содан соң технологиялық азот өндіру қондырғысы басшысының міндетін атқарушысы лауазымына өзімді ұсынып, бағымды сынап көргім келді. Сөйтіп, басшылық тарап менің атқарған жұмысым мен адал қызметімді байқап, басшының міндетін атқардым. Кейін бірнеше айдан соң растап, қондырғы басшысы болып

тағайындалдым», - деп еске алды Айбар.

- «Сонымен қатар биылғы жылы қызметкерлерді аттестациялаудан өткізіп жатырғаны белгілі. Осы сынаққа мен де іліккен болатынмын. Және де өте жақсы деген бағаға ие болдым. Біздің қондырғыларымыз аутсорсингке шығып жатыр. Халықаралық француздық компания еншісіне беріліп жатыр. Маған зауытта қалуға ұсыныс тасталды. Барлық комиссия мүшелерінің менің жауаптарыма қанағаттанып, маған тек сәттілік тілегені қуантты. Маған сол кезде болашақ бес жылдықта өзіңді кім ретінде көресің деп сұрақ қойылған еді. Сондағы басты мақсатымды қуана жеткізіп, егер мен француздардың қол астында қызмет ететін болсам аймақтық директор болғым келеді деп жауап бергенмін. Бұл қысқа уақытқа алдыма қойған мақсаттарымының бірі», - деп тілге тиек етті технологиялық азот өндіру қондырғысының басшысы Айбар Өмірзақ.

Ия, айқын мақсат пен жарқын болашақ. Қызметінде бар ынтасымен зауыттың дамуына үлес қосып, жас болса да бастай болып жүрген Айбардың ісінен тек үлгі алуға болатындай. Бір жағынан жауапкершілікті сезінсе, бір жағынан отбасылық династияның жалғасы. Атасының дақ түспеген атына кір келтірмей, жолын жалғауға деген ынтасы.

Қазіргі таңда зауытта дамып жатырған «Lean 6 Sigma» жобасына қатысуға да басшылық тарапынан ұсыныс түсіп, Айбар қабыл алып, өзін басқа қырынан сынамақшы. Себебі, қазір технологияның дамыған заманы, жастар бір орында тұрмай тек дамуды ойлау қажет деп есептейді. Барлық берілген мүмкіндікті пайдаланып, өзімізді әртүрлі

бағытта сынап көруіміз керек деп ойлайды.

Айбар отбасында екі ағайынды, қарындасы бар. Қарындасы болашақ экономист. Анасы медицина қызметкері. Отбасылы екі ұлдың әкесі. Жолдасы да мұнай өндіру мекемесінің маманы. Әңгімелері бір, ақылдасып, кейбір жайттарда бір біріне қолдау көрсетіп отырған үлгілі жанұялардың қатарында. Болашақта ұлдарымның қалаған мамандықтары бойынша білім алғанын қалаймын дейді. Оларды барлық жағынан қолдап отырамын дейді мейірімді әке.

Болашақтағы жоспарын сұрағанымызда, алдыма тек мақсат қоямын, және соған жетуге тырысамын деп жауап қатты. Айбар қазіргі таңда 28 жаста. Осы жасқа жеткенше көп нәрсеге қол жеткізген. Және сонымен тоқтамай әлі де талай биіктікті бағындырамын деп отыр.

Айбардың жастар жылына қатысты да айтар өз ойы бар: «Жастардың көзқарасының өзгергенін қалаймын. Себебі, қазіргі таңда шағым айтатын жастар көп. Шағымданғаннан гөрі өзіңді дамытып, өзіңді көрсетуге тырысу керек деп есептеймін. Егер сен зауытта қызмет етсең, осы айналадағының барлығын білу керек. Себебі, кез-келген қателік, орны толмас қайғылы жағдайға апарып соғуы мүмкін. Жастар жылында жастарға тек табыс, еңселері түспесін, қызмет етіп, еңбектеніп, жемісін жесін дегім келеді. Қазіргі таңда жастарға көп мүмкіндік берілген. Соларды тиімді пайдалана отырып, табысқа кенеле берсін деп тілеймін».

Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ

Милые дамы!

Приглашаем вас принять участие в конкурсе красоты и элегантности «Самұрық Аруы-2019».

Побороться за корону первой красавицы могут все сотрудницы группы компаний Фонда. Для этого нужно лишь ознакомиться с положением конкурса и заполнить онлайн заявку.

Конкурс пройдет на платформе информационного сайта www.sknews.kz по 5 номинациям.

Прием заявок продлится включительно до 24 февраля 2019 года. Анкеты будут размещаться по мере поступления.

Онлайн-голосование продлится с 25 февраля по 5 марта 2019 года включительно.

Интернет-пользователь может отдать свой голос только один раз, изменить свой выбор в пользу другой участницы нельзя. Победительницы получают дипломы и ценные подарки.

**УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИЦЫ АНПЗ!
ПОДРОБНО О КОНКУРСЕ МОЖНО
УЗНАТЬ НА САЙТЕ WWW.SKNEWS.KZ**

Набор кандидатов на обучение по программе Lean 6 Sigma



II Конференция. Вручение сертификатов в НК КМГ

Требования к кандидатам:

- умение работать в Excel
- базовые знания английского языка
- знание основных технологических процессов.



С 25.02.2019 г. начнется обучение по программе Lean 6 Sigma. Прохождение всех этапов данной программы и сертификация на «зеленого пояса» (менеджера проекта) позволит

- иметь компетентность реализовывать проекты;
- положительное влияние на профессиональный рост.


Суть программы заключается в решении проблемных вопросов производства при помощи статистического анализа. Обучение проводит компания BMGI.

В случае заинтересованности стать участником программы, необходимо согласовать свое решение с непосредственным руководителем, и известить до 18.02.2019 г.:

- 1) Координатора программы (инженера ПТО) Бигалиеву Ф. (259-260)
- 2) Начальника отдела управления персоналом Жайлашеву А. (259-045)



Ссылка: [P:/ИСМ/Правила Lean 6 Sigma.](#)



Уважаемые коллеги!!!

Объявляется конкурсный отбор по программе «Жас маман» для очного обучения детей сотрудников завода за счет средств ТОО «Атырауский НПЗ» в ведущих технических ВУЗах Российской Федерации- Российском государственном университете нефти и газа им. И. М. Губкина и в Уфимском Государственном нефтяном техническом университете по основным заводским специальностям технического профиля:

- «Химическая технология органических веществ» (ХТОВ);
- «Химическая технология природных энергоносителей и углеродных материалов»;
- «Машины и оборудование нефтегазовой отрасли».



Для участия в конкурсном отборе приглашаются дети работников Товарищества- учащиеся 11 классов средних общеобразовательных школ, имеющие успеваемость «отлично» и «хорошо» по предметам химия, физика, математика, участники и призеры городских, областных, республиканских олимпиад по этим предметам.

По всем вопросам обращаться в отдел управления персонала по тел 259-016, 259-210.

Достойное образование - успешная карьера!

Общество пенсионеров ТОО «АНПЗ» выражает глубокое соболезнование в связи с кончиной ветерана транспортного цеха Артеменко Михаила Петровича

Поздравляем!

Коллектив ТОО «iQS Engineering»
поздравляет
Александра Юрьевича Мишкина
Асқара Расулулы Бержанова
Нуржана Нурланулы Имашева
Рафаэля Равхатовича Усманова
Анастасию Игоревну Панову
Кирилла Владимировича Карпова
с днем рождения!

Счастья, радости, здоровья,
Мира, нежности с любовью,
Процветать и долго жить
Мы желаем от души!
Всех чудес, что есть на свете,
Доброты, тепла и света,
Волшебства и вдохновения -
Поздравляем с днем рождения!

Коллектив ПТиЭЭ сердечно
поздравляет с юбилеем
Владислава
Николаевича Пака

Уважаемый коллега!
Вам сегодня 60, а это значит, что стали Вы ещё мудрее и опытнее, сильнее и увереннее.

Желаем Вам неиссякаемых сил и прежнего энтузиазма для бравой работы, доброты души и щедрой любви для близких людей.

Пусть здоровье крепчает, как морозы в январе, пусть достатка и уюта будет полон всегда дом.



Мұнай өнімдерін тасымалдау өндірісі
Гулмира Ибрайқызы
Иралиеваны,
Аманжол Марданұлы
Аюповты,
Алтынбек Әділбекұлы
Қалауовты
туған күндерімен
құттықтайды!!!

Жеміс берсін тер төккен еңбектерің,
Бақыт болсын әрдайым көргендерің.

Сән-салтанатпен ғұмырлы өмір кешіп,
Арта берсін абырой-беделдерің.

НОВОСТИ

Каспийских тюленей посчитает спецсамолет

В Атырауской области намерены узнать численность популяции каспийских тюленей, подсчет которой не велся последние 6 лет, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Для подсчета популяции тюленей будет задействован самолет-лаборатория, оборудованный авиасъемочным комплексом. В этот комплекс входят тепловизор, фотоаппараты с большим разрешением, бортовая автоматизированная система сбора инструментальной и визуальной информации. За основу исследований будет взята методика, применяемая в настоящее время российскими исследователями при изучении кольчатой нерпы в Балтийском море», - сообщили в пресс-службе Норт Каспиан оперейтинг компани. В работах примут участие российские и казахстанские ученые, занимающиеся исследованиями тюленей, а также сотрудники Института микробиологии и вирусологии, Казахстанского агентства прикладной экологии.

В Атырау установили теплые остановки

По данным пресс-службы акимата Атырау, в рамках проекта расширения и реконструкции городских улиц проведена большая работа и по обновлению остановочных комплексов. Были закуплены 23 новых остановочных павильона, 7 из них являются крытыми, где возможно открытие небольших магазинов.

«Свои бизнес-проекты по использованию помещений в павильонах уже реализовали три предпринимателя. На остановках «Областной перинатальный центр», «Конечная Авангард», а также на углу по ул.Тайманова у площади Исатая-Махамбета будут функционировать цветочные салоны и кофейня», - сообщили в пресс-службе городского акимата. Теплые остановки позволят жителям и гостям города дожидаться пассажирский транспорт в комфортных условиях. Крытые павильоны расположились на остановках: «Рынок «Дина», «Железнодорожной вокзал», а также на

двух противоположных остановках микрорайона Привокзальный. Напомним, ранее аким города Алимхаммед Куттумуратулы проинформировал, что в рамках модернизации городских улиц в 2019 году в Атырау будет закуплено 60 новых остановок. При этом 30 из них будут установлены в областном центре, остальные 30 сосредоточат по сельским пригородным округам, передает корреспондент МИА «Казинформ».



ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ ГРУППЫ КОМПАНИЙ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «САМРУК-ҚАЗЫНА»

АО «Самрук-Қазына» дорожит своей репутацией и настаивает на соблюдении своими сотрудниками и контрагентами высочайших стандартов этики и добросовестности.

Информирование о предполагаемых нарушениях действующего законодательства, базовых принципов ведения бизнеса или Кодекса поведения АО «Самрук-Қазына», а также своевременное реагирование на такие нарушения важны для защиты репутации нашей компании.

В соответствии с Политикой инициативного информирования, Вы можете сообщить о любых случившихся или предполагаемых фактах хищений, мошенничества, коррупции и других нарушений базовых принципов ведения бизнеса или Кодекса поведения АО «Самрук-Қазына»,

- нажав кнопку «Оставить сообщение» ниже; либо
- отправив сообщение на электронную почту sk.hotline@deloitte.kz; либо
- позвонив по номеру **8 800 080 19 94**

Все сообщения принимаются и обрабатываются независимой компанией.

Сообщения, поступившие на горячую линию, будут переданы ответственным сотрудникам Фонда, которые обеспечат профессиональное и конфиденциальное рассмотрение. В целях наиболее эффективной обработки Вашего сообщения Вам будет предложено оставить контактную информацию, однако Вы также можете оставить анонимное сообщение. Все анонимные сообщения будут рассмотрены.

**Горячая линия доступна для сотрудников
Фонда, сотрудников дочерних предприятий
Фонда, поставщиков и партнеров.**

ТАМШЫ

КӨЛІК ЖУУ АВТОМОЙКА

**КРУГЛОСУТОЧНАЯ АВТОМОЙКА «ТАМШЫ»
НА КОНЕЧНОЙ ОСТАНОВКЕ
С. ШИРИНА ОБЪЯВЛЯЕТ АКЦИЮ!**

8 778 476 8707, 8 701 476 8707

Полная мойка
(кузов+салон+подкрыльник)-
1800 тенге.

В подарок полировка
или ароматизатор!

Скидка 15%
на 4-ое посещение
мойки своего авто!

Комната ожидания
WIFI

А также предлагаем:

- кузовные работы;
- покраска кузова;
- полировка кузова;
- полировка фар.

**ПРЕДЪЯВИТЕЛЮ КУПОНА
(СТРАНИЦА ГАЗЕТЫ) СКИДКА -15%**

«НОВАТОР» апталық басылым
№6 15 ақпан 2019 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС,
З.Қабдолов к-сі, 1
тел: 25-97-71, телфакс: 25-96-75

Газет «Ақ Жайық» ЖШС
баспаханасында
беттеліп басылды.
Атырау қ., Жарбосынов к-сі, 5
Тел: 27-22-44.

Тиражы 1000 дана
Тапсырыс № 24

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева.

«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№15 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама мате-
риалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР